



Бекітемін
Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы
директорының м. а.
Е. Аринов
19 қазан 2022 жыл

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру ұйымдары оқытушылары арасындағы
«Хакатон-бағдарламалау марафоны»
облыстық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Қарағанды 2022

Аринов

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары оқытушылары арасындағы «Хакатон - бағдарламалау марафоны» облыстық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаттарын, міндеттерін, мерзімдерін ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Байқауды ұйымдастырушылар: «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» ҚМҚК, «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» ҚМҚК.

1.3 Байқауды өткізу форматы дәстүрлі, қорғау, байқау нәтижелері байқау аяқталғаннан кейін сол күні анықталады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1 Байқаудың мақсаты - командада жұмыс істеуге қабілетті, ақпараттық технологиялар, дизайн, әкімшілендіру және цифрлық жобаларды басқару салаларында өнімдер мен сервистер құру бойынша талантты, перспективті педагогтерді іздеу, дамыту және қолдау.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- колледж оқытушылары арасында тәжірибе алмасу;
- қатысушылардың маркетинг, дизайн және веб-бағдарламалау саласындағы құзыреттерін дамыту;
- IT саласындағы әлеуметтік серіктестердің назарын аудару;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушыларының IT технологиялар бойынша құзыреттілігін бағалау.

3. Байқауға тіркелу және қатысу тәртібі

3.1 Байқауға Қарағанды облысы колледждерінің оқытушылары қатысады.

3.2 Байқау 2 кезеңнен жүргізіледі:

I кезең – қатысушыларды тіркеу – 2022 жылдың 15-25-қазаны аралығында.

Қажет болады:

1) Байқауға қатысуға өтінімді 25 қазаннан кешіктірмей 1 қосымшада көрсетілген нысан бойынша hakaton_kvptk@mail.ru электрондық мекен-жайына жіберу;

2) Өтінімді толтырып, жібере отырып, қатысушы Ережемен танысқанын, Ереженің шарттарымен келісетінін растайды және ұйымдастырушының тіркеу нысанында көрсетілген дербес деректерді өңдеуге өз келісімін береді.

II кезең (негізгі) – 2022 жылдың 28 қазаны сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін өткізіледі.

– Қатысушылар топпен жұмыс жасайтын болады. **Топ 3 адамнан аспауы керек.**

4. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

4.1 Байқаудың тақырыбын ұйымдастырушы айқындайды.

4.2 Байқау жұмыстары келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- жұмыстың мазмұны байқау тақырыбына сәйкес келуі тиіс;
- жоба презентациясының ұзақтығы - 7 минуттан аспауы тиіс;
- сайт құру үшін HTML, CSS, CMS, Framework және жергілікті серверлердің (OpenServer, Denwer, Xampp) бағдарламалары мен технологияларын қолдануға болады;
- логотип жасау үшін Adobe Illustrator, Photoshop, т.б. бағдарламаларды қолдануға болады
- сайттың мазмұнына бейне, мәтін, сурет, дауыс, музыка т.б. қолдануға болады.
- әр жобаның атауында команданың атауы (қатысушылардың аты-жөні), колледждің аты, байқау жұмысының атауы болуы керек. Файл атауының үлгісі: Иван_(Иванов) КВПТК-История.kz

5. Бағалау критерийлері

5.1 Байқауда орындалған жұмыстың мазмұндық және техникалық бағасын ескеретін баллдық жүйені қамтитын жинақтаушы баға пайдаланылады.

5.2 Байқауға қатысушылардың шеберлігін бағалау екі балдық жүйемен келесі критерийлер бойынша жүргізілетін болады:

- сайттың толықтығы, логотиптің өзіндік ерекшелігі;
- презентация логикасы, мазмұны, сауаттылығы;
- шығармашылық көзқарас, идеяның өзіндік ерекшелігі;
- сайт пен модельді құру үшін қолданылатын құралдардың күрделілік деңгейі;
- жалпы қабылдау (эмоционалдылық, сенімділік, визуалды және музыкалық құралдар және т. б.)
- білім беру процесінде пайдалану мүмкіндігі.

6. Номинациялар

6.1 Жұмыстарды бағалау байқаудың конкурстың қазылар алқасы құрылады, оның міндетіне жеңімпаздарды анықтау кіреді. Қазылар алқасы негізгі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

- ЕҢ ЖАҚСЫ САЙТ;
- ЕҢ ЖАҚСЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИДЕЯ;

Негізгі номинацияда үш жеңімпаз анықталады (I, II, III-орын).

6.2 Қосымша жұмыстар номинациялар бойынша бағаланады:

- Өз жұмысын таныстырған ҮЗДІК ШЕШЕН№

7. Қорытындылау

7.1 Байқау нәтижелері 2022 жылғы 28 қазанда шығарылады;

7.2 Байқау жеңімпаздары Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының (I, II, III дәрежелі) дипломдарымен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушылары қатысушы сертификатын алады.

Барлық сұрақтар бойынша байқау ұйымдастырушыларына хабарласуға болады - Жарылғап Мәди Сабыржанович, тел. 8 7079215133; Акедилова Нагима Куанышевна, 8 7024487471(WhatsApp)

Келісілді

Қарағанды облысында

білім беруді дамытудың

оқу әдістемелік орталығы

директорының орынбасары

 Т. Нартова

ҚО ББД ОӘО әдіскері



О. Кирпан

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының оқытушылары
арасындағы «Хакатон – бағдарламалау марафоны» байқауына қатысуға
ӨТІНІМ

ТжКОББ ұйымының толық атауы	
Қатысушының аты-жөні (толық)	
Байланыс деректері (телефон нөмірі, WhatsApp, электрондық пошта)	